



info

№1, (30), қаңтар-ақпан, 2020

РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ



«Біздің басты жетістіктеріміз бен жеңістеріміз әлі алда!»  
Жүсібалиева Тамара

бет. 4

«Эндо метрий гиперплазиясы туралы бар ақпарат»  
Мельников Иван

бет. 6

«Жүктілікке қандай психологиялық проблемалар кедергі болады?»  
Золотарева Юлия

бет. 8

«Қазақстандық репродуктологиядағы 2019 жылғы басты оқиға»  
Ли Шин Алеся

бет. 10



*Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины  
делает уверенные шаги навстречу новым  
технологиям, чтобы каждая семья в нашей  
стране имела возможность стать по-настоящему  
счастливой и полноценной*

Приглашаем женщин принять участие в программе:  
“СУРРОГАТНОЕ МАТЕРИНСТВО И ДОНОРСТВО ООЦИТОВ”,  
а так же мужчин в программе:  
“ДОНОРСТВО СПЕРМЫ”

#### ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



#### ТРЕБОВАНИЯ СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

- возраст от 20 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие психических соматических и генетических заболеваний;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



#### ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- отсутствие отклонений в нормальных антропометрических и фенотипических признаках;
- удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации.



Дополнительную информацию можно получить по телефонам:

050012 г.Алматы,  
Толе би, 99  
Кабанбай батыра, 226

тел: +7 727 234 34 34  
моб.: +7 771 934 34 34  
факс: +7 727 260 12 80

info@irm.kz  
irm.almaty  
irm.almaty



irm.kz



## Құрметті оқырмандар, достар!

Репродуктивтік медицина институтының бүкіл ұжымынан және өз атымнан сізді шын жүректен келген жаңа 2020 жылмен құттықтаймын!

Жаңа 2020 жыл сізге көп қуаныш, амандық, өзіңе және өз күшіңе деген сенім сыйласын, және де, әрине, әр үйге ең басты бақыт – ұзақ күткен сәби әкелсін!

Мен, 2020 жыл – зор жетістіктер мен табыстар жылы екеніне сенемін, өйткені ол орталығымыз үшін мерейлі жыл. Міне, 25 жыл бойы біз ең басты міндетімізді орындап, отбасыларда дені сау әрі мықты балаларды дүниеге келтіріп, шаршамастан еңбек етіп жүрміз.

Барлық емделушілерге институтымыздың мамандарына сенім артып, бізді таңдағаны үшін алғыс айтамыз, алдағы жылда біздің ынтымақтастығымыз одан да жемісті болады деген үміттеміз.

Бұл журнал нөмірі не туралы? 2019 жылғы біздің жетістіктеріміз бен табыстарымыз туралы, басталған жылға қойған міндеттеріміз бен жоспарларымыз туралы. Репродуктолог дәрігер Иван Мельников эндометрий гиперплазиясы туралы және бұл ауру қалай емделетіні туралы айтып береді. Психолог Юлия Золотарева өз қорқыныштарын және сенімсіздіктерін жеңе білген, өздігінен дәрігерлердің көмегінсіз жүкті болған пациенттердің жақсы оқиғаларымен бөліседі.

Бұл басылымда оқырмандармен өткен жылдың ең басты оқиғасымен бөлісіп, қоғамымызда берік қалыптасқан дақырттарды сейілткіміз келеді.

ҚРТ технологиялары қарқынды дамып, мамандарымыздың кәсіби деңгейі өсіп келеді, сондықтан РМИ-на келген әрбір жұп үміт етіп, жақын уақытта ана мен әке бақытын міндетті түрде таниды.



2020 – мерейлі, берекелі, айрықша жыл, және мен осы жылы сіздің аңсаған армандарыңыз міндетті түрде орындалатынына сенімдімін!

Денсаулығыңыз жақсы болсын, өзіңізге және жақындарыңызға қамқор болыңыз!

*Құрметпен және ең ізгі тілектермен.*

**Тамара Мұфтахқызы ЖҮСІБАЛИЕВА,**  
Репродуктивтік медицина институтының директоры

### БАС РЕДАКТОР

Тамара Жүсібалиева,  
Репродуктивтік медицина  
институтының директоры

### ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР

Евгения Скалей

### ДИЗАЙН, БЕТТЕУ

Кравцова Оксана

### МЕНШІК ИЕСІ:

Учреждение «ИРМ»

### РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Алматы, ул. Толе би, 99

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Юлия Ахмеджанова  
(a.juliya@irm.kz)  
www.irm.kz

«Манхэттен Принт» ЖШС  
баспаханасында басылған  
ҚР, Алматы қ., Кочина, 4,  
Тел.: +7 (727) 328 97 43  
Таралымы – 2 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою туралы  
№14607-Г кұәлігі 31.10.14 ж. ҚР байланыс  
және ақпарат агенттігімен берілген.

Редакция авторлардың ойын арқашанда қолдай бермейді. Жарнаманың мазмұны үшін жарнама берушілер жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік құралдарды және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасы үшін жауапкершілік туралы ескертілген. Материалдарды қайта басып шығарғанда "ИРМ INFO" сілтеме жасау міндетті.

# БІЗДІҢ БАСТЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ БЕН ЖЕҢІСТЕРІМІЗ ӘЛІ АЛДА!

*2019 жылы Репродуктивтік медицина институты Қазақстанның ең жақсы медициналық мамандандырылған мекемесі атағын кезекті рет растады. Ғылыми жетістіктер, инновациялар мен ең жақсы әдістемелерді енгізу, медициналық көмек көрсетудегі ең жоғары стандарттарға жүгіну, аймақтық мамандар мен шетелдік курсанттарды оқыту, әлеуметтік жауапкершілік және филиал ашу – міне, өткен жылдың басты нәтижелері осы. Осындай қыруар жұмыстың нәтижесі – еліміздегі, көрші және шетел мемлекеттеріндегі отбасыларында көптен күткен сәбилер дүние есігін ашты!*

- Тамара Мұфтахқызы, дәстүр бойынша, 2019 жылды қорытындылайық та, 2020 жылға құрылған жоспарлар жөнінде сөйлесейік. Репродуктивтік медицина институтының ұжымы өткен жылда қандай жетістіктерге қол жеткізе алды? Келе жатқан жылға қандай мақсаттармен кіреміз?

## ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

- Барлық өткен жылдардағыдай, 2019 жыл да оқиғаларға толы болды. Біз бірнеше бағыттарда: ғылым бойынша, инновацияларды енгізу бойынша, алыс және таяу шет елдерден мамандарды оқыту бойынша белсенді жұмыс істедік.

Егер ғылыми жетістіктер жөнінде сөз қозғайтын болсақ, онда 2019 жылы біз ерлер бедеулігінің тағы бір себебін анықтадық – ол шәулет жасушаларының ДНҚ фрагментациясы.

Шәулет жасушаларының ДНҚ фрагментациясы – еркектің жыныс жасушасының ядросында болатын генетикалық материалдың ақаулығы. Шәулет жасушаларының ДНҚ фрагментациясының жоғары көрсеткіштері кезінде ерлердің жасушалары ұрықтандыруға қабілетін жоғалтуы мүмкін. Шәулеттің ДНҚ фрагментациясының проблемасын Репродуктивтік медицина институты сатып алған MACS жаңа құралын қолдану арқасында шешуге болады. Процедураңыз мәнісі центрифугалаудан тұрады, бұл жағдайда ДНҚ жоғары фрагментациясы бар шәулет жасушалары еленіп, үлгіде ұрықтандыруға қабілетті патологиясы жоқ ең жақсы шәулет жасушалары қалып қояды. Жаңа құралдың көмегімен бала сүю мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Емханалық тәжірибеде де, ҚРТ жағдайында да бедеулікті емдеу кезіндегі маңызды фактор эндометрийді эмбриондарды сәтті имплантациялауға дайындау болып табылады. 2019 жылы РМИ ультрадыбыстық кавитациялық аппаратын сатып алды. Кавитациялық ағын әсерінде тіндерді патологиялық қақтан тереңінен тазарту жасалады, ультрадыбыспен микромассаж жасау есебінен қан айналымын ынталандыру жасалады, жазылу процесі жылдамдатылады. Осылайша, біздің институтымызда емдеу сәтті өтетін әр түрлі аппаратура ғана емес, сонымен қатар жоғары тиімді дәрі-дәрмектерді қолдана отырып, ғылым мен техниканың ең жаңа зерттемелері ендіріледі.

Біздің көзқарасымызша, тағы бір революциялық жетілдіру – эмбриондардың тұқым қуалайтын ауруларына диагностика жасауды жақсарту. Осы технологияның арқасында ұрық дамуының ерте мерзімдерінде-ақ генетикалық бұзылуды анықтауға болады.

2019 жылға қарай РМИ жатыр миомасының әр түрлі формаларында, эндометриоздың ауыр формаларында, сирек кездесетін және қиын орналасқан жатырдан тыс жүктілік кезінде мүшелерді барынша сақтайтын оталар жасау жағынан үлкен тәжірибе жинақтап алды, соның арқасында әйелдерге репродуктивтік әлеуетін сақтауға мүмкіндік берілді.

## ОҚУ

2019 жыл РМИ-да білім алу саясаты белгілісімен өтті. Біздің институтымызға бір жыл ішінде Украинадан, Беларусьтан, Тәжікстаннан, Қырғызстаннан 50-ден астам курсанттар келді. Олар ЭКҰ, репродуктология, андрология бойынша тәжірибе алуға келді. Бұл Репродуктивтік медицина институты жаңа халықаралық деңгейге шыққанын және өз білімдерін басқа елдердегі әріптестерімен барынша бөлісуге дайын екенін білдіреді.

Қазақстан аймағында тұратын мамандар үшін біз жыл бойы өз профиліміз бойынша ғана емес, сонымен қатар, «Перинаталдық өлім» тақырыбы бойынша көшпелі конференцияларды да өткіздік. Біздің конференцияларымыздың сұранысы жоғары болып, залдар әрдайым толы болды. Сол себепті осы игі істі әлі де болса жалғастырамыз.

РМИ базасында жапон дәрігерлері аналық тін бездерін мұздату бойынша үлкен инновациялық мастер-класс өткізді – бұл онкоұрықтылық бойынша үлкен жұмыс. Айтпақшы, РМИ – химиятерапияны және сәуле терапиясын алған әйелдерге ана болуға көмектеседі.

## ҒЫЛЫМ

РМИ ғылыми-зерттеу қызметіне көп көңіл бөледі. 2019 жылы біздің бас дәрігеріміз Данияр Уалиханұлы Мәскеудің Халықтар достығы Университетінде бірегей диссертацияны табысты қорғап шықты. Бұл орасан зор еңбек пен авторлық әдістеме болашақта ана бола алатын қатерлі ісікпен ауыратын әйелдердің ағза мүшелерін сақтау тақырыбына арналған.

Одан басқа, өткен жылы біз Жас ғалымдар кеңесін құрдық.

**РМИ іргесінде 15 ғылым кандидаты, батыста білім алған жас эмбриолог дәрігерлер еңбек етіп келеді.**





Бұл біздің мақтан тұтатын үлкен әлеуетіміз. РМИ база-сында дәрігерлер ғылыми зерттеулер өткізеді, олардың мақалалары беделді әлемдік мамандандырылған журнал беттерінде жарияланып тұрады.

Қырғызстан мен Өзбекстанда Қазақстанның медицина күндері аясында біз РМИ жетістіктері мен мүмкіндіктерін таныстырдық, мастер-кластар ұйымдастырдық, пациенттерге тегін кеңестер бердік. Осының бәрі жақсы қарсы алынды. Біз меморандумға қол қойдық және қазір біздің мамандар тегін кеңес беру мақсатында көрші республикаларға шығып тұрады.

### ФИЛИАЛДАР АШУ

2017 жылы біз Алматыда жаңа филиал аштық, ол Қабанбай Батыр көшесіндегі екінші ЭКҰ клиникасы. Осы ЭКҰ ең жоғары халықаралық деңгейге стандарттарға сәйкес келеді, ал зертханалар үшін өте заманауи құралдар сатып алдық. Біз Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына сәйкес медициналық қызмет көрсету сапасы бойынша жоғары санат берілген жалғыз клиника болып табылатынымызды тағы бір рет растадық.

РМИ жаңа филиалы – қызмет көрсетудің толық спектрін қамтитын бірегей клиника – алдағы күндерде Шымкентте де өз есігін ашады. Бұл Президенттің Ел инфрақұрылымына жеке бизнесті қаржыландыру туралы жолдауы аясында жасалды. Бұл жай ғана зертхана болмайды, бұл репродуктология, андрология, ЭКҰ бойынша қызмет көрсететін толық спектрлі орталық болады.

РМИ өзіне әлеуметтік жауапкершілік алып, халыққа жоғары білікті медициналық көмек көрсету үшін өз қаражатын салып жатыр.

### БІР ҚАДАМ АЛДА

РМИ Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия елдері арасында да көшбасшылық орынға ие. Бұл дәлелсіз бос сөз емес, бұл факт көптеген маңызды параметрлермен – қолда бар лицензиялармен, аттестациялармен, берілген квоталар санымен расталады.

Бізге сәтті жасалған ЭКҰ мен жақсы көрсеткіштердің үлкен пайызы арқасында жоғары сенім артылған. Бізге Қазақстанның қалаларынан ғана емес, Тәжікстаннан, Қырғыз-

станнан, Өзбекстаннан, Еуропадан, АҚШ-тан, Түркиядан, Қытайдан, Кореядан пациенттер келеді. Осының барлығы жоғары нәтижелердің, баға саясатының, демократиялық және бейілді заңнаманың арқасында.

Өткен жылдың ең басты оқиғасы, бұл, әрине, Қазақстан тарихында алғаш рет ЭКҰ көмегімен ұрықтанған қыз баланың дәрігерлердің ешбір көмегінен және араласуынсыз өз бетімен ана болу фактісі. Бұл шынымен бірегей оқиға, өйткені, әлі күнге шейін көбі ЭКҰ-балалар тек дәрігердің көмегімен ғана, өздігінен жүкті бола алмайды деп есептейді. Біз осы дақыртты түбегейлі бұздық. ЭКҰ нәтижесінде дүниеге келген Алеся Ли Шин, 24 жасында күйеуге шығып, бір ай ішінде жүкті болды, орталығымызда акушерлердің бақылауымен баланы көтеріп, сап-сау сәбиді дүниеге әкелді.

### 2020-НЫҢ ШЫҢДАРЫ

- 2020 жылы РМИ алдында қандай міндеттер тұр?

- Осы жыл біз үшін мерейлі, – біз Қазақстанда алғаш рет ЭКҰ-зертханасы ашылған күннен бастап 25 жыл өткенін атап өтеміз. Бұл өте жауапты күн және үлкен жеңістер мерейтойы.

**Ширек ғасыр ішінде бізде 15 000 астам бала туды, олар өз кезегінде ата-анаға айналып жатыр.**

Осы жылы білім бағдарламасы бойынша қазақстандық мамандардың қамтылуын арттыруды жоспарлап отырмыз, көшпелі конференциялар, мастер-кластар мен тегін кеңестер ұйымдастыратын боламыз.

Біз елімізді халықаралық конгрестерде көрсететін кадрларды дайындауымыз тиіс. Сонымен қатар, алдымызда үлкен міндет бар – ҚРТ саласында ғылымды жетілдіруге тиіспіз. Біз, көшбасшы ретінде бір орында тұрып қалмай, Қазақстанның ең жақсы ғылыми-зерттеу институтының атағын ақтап шығуымыз тиіс. Сондықтан басты жетістіктеріміз бен жеңістеріміз әлі алда демекпіз! ■



## ЭНДОМЕТРИЙ ГИПЕРПЛАЗИЯСЫ ТУРАЛЫ БАР АҚПАРАТ

*“Эндометрий гиперплазиясы” диагнозына алғаш рет тап  
болған әйелдердің өте жиі қоятын сұрақтары: жеткен жерім осы ма?  
Мен енді ешқашан ана бола алмаймын ба? Толық жауап  
беру үшін гиперплазия деген не, оның туындау себептері қандай,  
және бүгінгі таңда емдеудің қандай әдістері бар дегенді түсіну қажет.*

**Э**ндометрий гиперплазиясы – жатырдың ішкі қабатының (эндометрийдің) жасушалар санының артуымен, және, сәйкесінше, қалыңдауынан туындаған ауру, ол кез келген жаста дами береді. Бұл ауру келесі әйелдерде аса жиі байқалады: климакс алды жастағы әйелдерде, - кезекті етеккір кідірісінен кейін туындайтын дисфункционалды жатырлық қан ағумен ауыратын әйелдерде. Қан ағу қалыпты немесе көп қан жоғалтатын ұзақ уақытты, кейде профузиялық (стационар жағдайында арнайы процедураларды қолданусыз тоқтамайтын) болуы мүмкін.

### СЕБЕПТЕРІ

Эндометрийде гиперпластикалық процестердің туындау себебі анық белгіленбеген.

Көптеген мамандар гормоналдық бұзылу теориясын ұстанады (эстрогендер мен прогестерон балансының біріншісінің арту жағына бұзылуы). Эндометрий жасушаларының өсу қатеріне семіздігі, қант диабеті (инсулинорезистенттілігі және глюкозаға толерантылығы) бар, иммунитеті төмен әйелдер қатты ұшырайды.

Гиперплазияның дамуының генетикалық теориясы да бар. Ол эндометрийде қан тамырларының артық түзілуіне генетикалық бейімділік пен апоптоз (ескі және қажет емес жасушалардың генетикалық бағдарламаланған өлімі) механизмдерінің бұзылуына негізделген.

Заманауи жіктелім эндометрий гиперплазиясын қарапайым және күрделі (эндометрий жасушалары өз құрылымын өзгертіп, атипиялық болады) деп бөледі.



**Иван  
МЕЛЬНИКОВ,**  
репродуктивті  
медицина  
институтының  
дәрігер-  
репродуктологы





Эндометрийдің атипиялық гиперплазиясы жатырдың қатерлі ісігінің (қатерлі – 15% жағдайға дейін) және бедеуліктің себебіне айнала алатынын есте ұстау маңызды.

Сондықтан уақтылы диагностика жасап, дұрыс емделу өте маңызды

### АУРУ ҚАЛАЙ БАЙҚАЛАДЫ

Эндометрий гиперплазиясының симптомдары кез келген дерлік гормоналдық бұзылыстарда және әйелдердің жыныс мүшелерінің ауруында кездесуі мүмкін. Эндометрий жасушалары шамалы ғана өскенде шағым да болмауы мүмкін. Кейіннен овуляцияның болмауына байланысты дисфункционалды жатырлық қан ағу, бедеулік туындайды.

Көп қан жоғалту жағдайдың көбінде анемияның дамуын тудырады (әлсіздік, терінің бозаруы, бас айналу, енгігу, құлақтың шуылдауы, тіпті шамалы дене жүктемелері кезінде жүректің қағуы).

### ДИАГНОСТИКА

Эндометрий гиперплазиясы диагнозын растау үшін қан гормондарының деңгейі тексеріледі, қынаптық датчиктің көмегімен кіші жамбасты ультрадыбыстық тексеру өткізіледі.

Диагнозды қоюдың негізгі әдісі бөлек диагностикалық қырып тазарту арқылы гистероскопия жасау болып табылады. Қырып тазартуды етеккір қарсаңында немесе қан бөлінділерінің пайда болғанының бірінші күнінде тағайындайды. Эндометрийдің алып тасталған тіндерінің бір бөлігі ауру түрін (безді, безді-фиброзды немесе фиброзды) және атипиялық (қатерлі) жасушалар бар-жоғын анықтау үшін гистологиялық тексеруге жіберіледі.

### ЕМДЕУ

Эндометрий гиперплазиясының хирургиялық емі репродуктивті және менопаузаль жастағы барлық әйелдерге көрсетілген. Негізгі әдіс гистероскопияны қолдана отырып өткізілетін емдік-диагностикалық қырып тазарту, эндометрий абляциясы болып табылады. Ота жеңіл көтеріледі, ауруханаға ұзақ жатуды қажет етпейді.

Жатырды алып тастау (гистерэктомия) тиімсіз гормоналдық терапия кезінде менопауза алды және одан кейінгі әйелдерде эндометрий гиперплазиясын емдеудің ақырғы нұсқасы болып саналады, өйткені ол қатерлі процесті өткізіп алмауға мүмкіндік беріп, болашақта эндометрий карциномасының дамуына жол бермейді.

Дәрі-дәрмекпен емдеу кезінде бір қатар жағдайларда гормонотерапия қолданылады. Емдеудің осындай әдісі негізінен бала табуға қабілетін сақтағысы келетін жас әйелдерге, атипиялық жасушалар болмаған жағдайда ғана қолданылады. Ішілетін контрацептивтерді қабылдау эндометрийдің өсуінің алдын алады.

Егер диагноз расталған болса, дәрігерлер асқину жағдайына жол бермеу мақсатында дереу білікті медициналық көмекке жүгінуді ұсынады. Өйткені, аурудың асқынып кеткендегісінен гөрі, бастапқы кезеңдердегі терапиясы әлдеқайда жеңіл болатыны бәрімізге мәлім. Күтініп жүріңіз! ■

# ЖҮКТІЛІКKE ҚАНДАЙ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР КЕДЕРГІ БОЛАДЫ?

*Кез келген қорқыныш ана бақытына апарар жолды жауып тастауы мүмкін екені дәлелденген. Сенімсіздік, үрей, “Неге мен?” деген жанға бататын кінәлік сезімі – “психологиялық” бедеулік факторларының шағын тізімі ғана. Не істесек, қайтсек екен?*

Әсем Н. құрбысының кеңесімен психологтың қабылдауына келеді. Көзінде – күйініш, мөлдіреген жас және үнсіз “Неге мен?” Не үшін?” деген жауапсыз сұрақ. Келіншек төрт жыл бойы жүкті бола алмады, одан кейін екі ЭКҰ да сәтсіз болды. Үміті алматының қарындай еріп жатты. Шынында, Әсемді психологтың кабинетіне құрбысы алып келді.

- Мен тағы бала көтере аламын ба, жоқ па, тіпті туа аламын ба, білмеймін. Мен қиналып кеттім, осы жағдайдың шешімін қалай табарымды білмеймін. Бала көтеремін деген талпынысым тағы да сәтсіз болды, мен енді ештеңеге сенбеймін, әрі қарай күресетін күшім де қалмады..., – кейіпкеріміздің Юлия Золотаревамен таныстығы осы сөздермен басталды.

- Қазіргі айтып тұрғандарыңыздың барлығы, сіздің түйсігіңіз, сезімдеріңіз – бәрі дұрыс. Сезімді дәл осылай: көз жасымен, сөзбен, әсермен шығару қажет. Қазіргі мезетте осы жағдайды шешу мүмкін емес те, сонымен қатар дұрыс емес те, оны тек бастан өткеріп, осыдан өту керек. Әрбір адамда бұған берілетін өз мерзімі, өз ресурстары, өз көмекшілері болады. Сіздің жеке басыңызда осының бәрі бар. Ал мен болсам, бүгінгі күйіңізді жеңуге күш-жігер табуға көмектесемін.

Әңгіме ең жақын екі құрбы кездескендей сырлы, жанға жайлы болып, ұзаққа созылды. Шай да ішілді, көз жасы да төгілді, тіпті, күліп те алдық! Ал одан кейін көп еңбекті талап ететін жұмыс басталды, “әйел – оның жұбайы – психолог” деген тізбекте әр қайсысымыз өз рөлімізді атқардық.

Бастапқыда Әсемнің жұбайы психологқа барғысы келмеді, тартыншақтады, бірақ, әйтсе де келісті.

ЮЛИЯ ЗОЛОТАРЕВА БЫЛАЙ ДЕЙДІ:

- Мен бұл жұпты 2019 жылдың қаңтарында кездестірдім, Әсемнің еңсесі түскені, күйеуі өзіне-өзі сенімсіз болып көрінгені есімде. Әрқайсысы өзін кінәлі сезінді.

Шынын айтайын, маған келгендердің жиі қоятын сұрақтары: “Неге мен немесе біз?”, “Кім кінәлі?”, “Себебі неде?” Ортақ жауап жоқ, өйткені әрбір жұптың өзінің жеке оқиғасы бар емес пе. Қандай себеп екенін білу сондайлықты маңызды ма? Болашақтың жоспарлары қирап жатыр ғой!

Бұл жұп қатты күйзеліске ұшырап, депрессиялық күйде болды. Жұбайлардың кеңес алуға күш-жігері табылғаны қандай тамаша. Себебі психолог ерлі-зайыптыларға сәтсіздіктердің се-

бептерін қазбаламай, күш-жігерлерін жинап, өткен-кеткенді ақтармай, «осы сәтте» өмір сүре алатындай шиеленістен арылуға көмектесіп, позитивті энергияны «бейбіт, жасампаз арнаға» бағыттады.

## ФАКТ

репродуктивтік салада физиологиялық және психологиялық компоненттер өзара тығыз байланыста болады.

Бастапқыда жұп арнайы тесттен өткен – бұл психологиялық себептерді анықтауға көмектесетін тереңнен диагностика жасау үшін қажет болды.

Көп жағдайда жүктілік пен бала көтеру проблемалары тек медициналық көрсеткіштер тұрғысынан ғана талқыланып, қарастырылады, бұндайда олар өзара туындап жатқан психологиялық қиындықтарды ескермейді. Ал олар болса, жүктілікке жол бермей, оны “бұғаттап тастауы” мүмкін.

Диагностика жасағаннан кейін Әсемді жайлы әрі жағымды жағдайда өткізілетін топтық сабақтар мен тренингтерге шақырды. Келіншектер еркін тақырыпқа сурет салды, әңгімелесті, ойын ойнады, өз уайым-қайғыларымен бөлісті.

## ӘСЕМНІҢ ӘҢГІМЕСІ:

- Шынын айтқанда, мен сурет салудың не қажеті барын, бұл маған қалай көмектесетінін мүлдем түсінбедім. Бірақ бірінші сабақтан кейін-ақ мен кәдімгідей жеңілдеп қалдым. Білесіз бе, жүрегімнен бір ауырлық түскендей болды, ішімде қайтадан бір үміт оты жанды. Бірнеше жеке және топтық сабақтан кейін жұбайым екеуіміз қол ұстасып, қайтадан саябақта қыдырып, махаббаттың дәмін сезіп, армандарымызға, бір-бірімізге сене бастадық. Бұл керемет дүние болды – себебі бір ай бұрын ғана өміріміз күңгірттеніп кеткендей болып еді.

## ФАКТ

ашу, қорқыныш және қайғы тәніңізді бұзады

Осылайша бүкіл ағзаның тіршілік әрекетінің бұзылуына әкелетін блоктар немесе қысымдар пайда болады, бұл гормондардың күрт өзгеруіне алып келеді де, тұтастай алғанда ағзаға әсер етеді. Тұрақты теріс эмоциялар ортасында жүрген ерлі-зайыптылардың өзара да, айналадағылармен



**Юлия ЗОЛОТАРЕВА,**  
Репродуктивтік медицина институтының психолог.



де шиеленістік қарым-қатынастарының саны өседі. Әрине, стресске төзімділік деңгейі төмендейді, шаршау сезімі артады, ашушаңдық пайда болады. Бұл тұйықты үзіп шығу тез болмайды.

#### ЮЛИЯ ЗОЛОТАРЕВАНЫҢ АЙТУЫНША:

- Психологтың қоржынында оң нәтижелер әкелетін көптеген әдістер мен құралдар бар. Коррекциялық-психологиялық тренинг, арт-терапия, жеке кеңестер – осының бәрі пациенттердің психологиялық күйін жылдам әрі тұрақты қалпына келтіруге бағытталған, өзін-өзі бағалау деңгейі өседі, стресске төзімділік деңгейі артады, жаңдан әрекеттеніп көруге дайындықты саналы және позитивті етеді.

Кейде жүктілік басталу үшін тек қана бала сүю ниеті жеткіліксіз. Өмірдің пайда болуы – тылсым дүние. Бала өз ата-анасын алдын ала «тәрбиелегендей» болады. Әрине, бұл өмірдің оңай кезеңі емес, бірақ әр жұптың оны «ғажайыпты күткен жарқын сәттерге» айналдыру қолынан келеді. Өмірдің өзі көрсетіп отырғандай, бала сүю ниетінен тайынбай, махаббатпен соған ұмтылатын адамдардың көбі ертелі-кеш ата-анаға айналады! Қуанышқа орай, менің тәжірибемде бұндай жағдайлар аз емес.



#### ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ

РМИ іргесінде жеке де, топтық та сабақтар өткізіледі. Жеке кеңес беру 1,5 сағатқа созылады және психологтың кабинетінде өткізіледі. Маман түпсанамен жұмыс істейді, себептерін анықтайды, одан кейін жеке техникалар мен тәжірибені таңдап береді.

Топтық сабақтар тренингтер түрінде өтеді (ұзақтығы 3-4 сағат) және жақсы әңгіме үстінде және шай іше отырып, конференц-залда өткізіледі. Тренингтер кезінде әйелдер сурет салады, өздерінің негативті түпсаналық бағдарламаларын табады, олармен күресу жолдарын үйренеді және, әрине, бала көтеріп, оны сау етіп дүниеге әкелуге позитивті ой қалыптастыру үшін жұмыс істейді.

#### АЛ ЕНДІ КЕЙІПКЕРІМІЗГЕ СӨЗ БЕРЕЙІК:

- Юлямен жұмыс істегеннен кейін 2 айдан соң мен үшінші қондыруға бардым. Ең қызығы, еш қорықпастан, батыл күйде, үлкен сенімде болдым. Мен барлық қиыншылықтарды бастан өткеріп болғанымызды, алда бізді сәбиіміз күтіп тұрғанын біліп, нық сенімде аяқ бастым. Бір айдан соң барлық талдамалар жүкті екенімді растағанда, қуаныштан жылап тұрып, ойша өзімнің керемет психологымға алғысымды жаудырдым – бұл біздің ортақ жеңісіміз!

Қыздар, уақыт созбаңдар, іштен тынып жүрмеңдер, әлемге ашылыңдар! Бұған сізге міндетті түрде Юля көмектеседі!

#### ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІ

Әңгімемізді қорытындылай келе, біз Юлия Золотареваның психологиялық тренингтерінде болғандардың пікірлерімен бөлісек деп шештік. Олардың барлығы әлеуметтік желілерде жарияланған және әрқайсысы – ғажап дүниенің өзі!

- Сіздермен өте қуанышты және көптен бері күткен жаңалықпен бөліскім келіп тұр. Біз бала көтердік! Мен Юлияға және періміз Жанар Борисқызына арманымызға ат салысқаны үшін алғыс білдіргім келіп тұр, сіздердің арқаларыңызда арманымыз шындыққа ұласып, ішімде өсіп жатыр. Сіздерге тренингтеріңіз, арт-терапияңыз, кеңестеріңіз (достық әңгімелер дегенім дұрыс шығар) үшін үлкен алғыс білдіремін.

Юля, сіз маған арман қуып жүріп, байқамай жүрген ақиқатты түсінуге, басымдықтарды өз орнына қоюға көмектестіңіз. Сіз денемді еркін ұстауға және рахаттанып өмір сүруге, терезенің ар жағындағы күн сәулесіне қуануға және бәрі де тамаша екенін түсінуге үйреттіңіз. Қондыруға дейінгі барлық уақытта біз күйеуімізбен қыдырдық, демалдық, уайымсыз және «жай ғана» бақытты болып жүрдік. Міне, сіздің көмегіңізбен жүрегімнің түбінде көптен күткен сәбиімді көтеріп жүрмін! Барлығы жеңіл және табиғи түрде өтті.

Біздің қалауымызды түсінуге, үрейлерімізді жеңіп, бақытты болуға көмектесетін жұмыстарыңыз үшін мың алғыс!

- Өз оқиғамды айтып берейін. Мен психологқа саналы түрде бардым. Юля маған алғашқы сәттерден-ақ ұнады: «жүр, шай ішейік, әңгімелесейік», – деді. Бұндай сөз айтылады деп күтпеген мен қуанып кеттім! Жанға жайлы әңгімеміз осылай басталған болатын. Сосын күйеуіме де баруға ұсындым. Шынын айтқанда, жұбайым бас тарта ма деп ойлады – еркектер болмысы бойынша скептиктер емес пе?!

Міне, ортақ кеңестен кейін біз бір-бірімізді жақсы түсіне бастадық, Юлия маған күйеуімнің «қанатын жаюға» үйретті! Сондықтан барлығына ең болмағанда бір сабаққа күйеуін ертіп келуге кеңес беремін!

- Өз қуанышымды бөлісетін менің де сәтім түсті. Бірінші тренингтен кейін менің ойым қайта ретке келгендей болды, шабытқа, жақсы көңіл-күйге, әрмен қарай әрекет ететін күшке толы болып шықты. Арт-терапиядан кейін бәрі де ойдағыдай болады деген ой пайда болып, бекітіле түсті. Сіз ұсыныс бергендей, мен өз реніштерімді түсіндім, өзімді қоса алғанда, барлығын да кешірдім, сәбиіммен сөйлесіп, ән айта бастадым. Күнделік жаза бастадым, айтпақшы, көп бетін жазып тастадым, әлі де жазып жүрмін!

Жалпы, сіз түсінген шығарсыз, мен ақырында бала көтердім, армандаған екі жлоаққа қол жеткіздім! Айта кететіні, біз дәрілерден, процедуралардан демалып, ЭКҰ-ға ақша жинайық деп шешкеніміз сол-ақ екен, таңқаларлық жайт болды – күтпеген жерден бала бізді таңдады. Бұл шынымен ғажап нәрсе!

Басымыздағы әр түрлі негативтен тазартып, сенімділік ұялатып, барлығы міндетті түрде іске асады деп, позитивті қуат беретіндеріңіз үшін мың алғыс. Сіз керемет жансыз! ■



## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ РЕПРОДУКТОЛОГИЯДАҒЫ 2019 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ОҚИҒА

*«ЭЖҰ» балалары саламатты бола ма, олар өскенде өздері табиғи жолмен ата-ана бола ала ма деген сұрақтар көптеген адамды осы күнге дейін мазалап келеді. Бақытқа орай, уақыттың өзі-ақ бәрін орын-орнына қойды. Отандық репродуктологияның көптен күткен оқиғасы 2019 жылдың 15 қазанында орын алды. Дәл сол күні экстракорпоралды ұрықтандыру жолымен дүниеге келген тұңғыш қазақстандық келіншек ана атанды. Жүктілік пен босану табиғи жолмен өтті, нәресте сау-саламат туды.*

**Ж**аңа жыл – әрдайым сиқырға толы және оның төрінде өмірдің өзімен жазылған ертегіге әрдайым орын табылады. Бұл хикая алыста қалған 1995 жылы басталған болатын. Еліміз үшін оңайға тимеген жыл, дәрігерлерден жатыр түтіктерінің бітелуі, яғни, бедеулікті білдіретін ауыр хабарды естіген Гельнур Сагирова үшін де оңайға тимеді. Рас, ширек ғасыр бұрын бұндай диагноз мыңдаған әйелді ана бақытынан айырып, отбасыларын ойран еткен. Бақытына орай, ғылым мен медицинаның дамуы, Гельнур үшін қараңғыны жарған күн сәулесіндей үміт сыйлады. Хикаямыздың кейіпкеріне сөз берейік.

### Гельнур:

- Мен аналық безді және түтіктің біреуін алып тастау отасын басымнан өткердім, содан кейін ұзақ уақыт сол кезде белгілі барлық әдіспен емделдім, бірақ бәрі бекер болды. Виктор, күйеуім, мені әрдайым әрі жан жақты қолдап отырды, бастаманы өз қолына алып, мені дәрігерлерге апарған да сол.

Сол кезде ынтагер дәрігерлер, соның ішінде Тамара Жүсібалиева, Вадим Полумисков, Людмила Бадельбаева Қазақстанда қосымша репродуктивтік технологияларды (ҚРТ) жаңадан енгізіп жатқан жайлары бар еді. Мыңдаған бедеу әйел бар үміттерін мамандардың жалғыз әрі шағын тобына арттырды. Гельнур мен Виктор сол кезде әлі



## «Адамдар ЭКҰ-балалардың табиғи жолмен көтерген балалардан қандай айырмашылығы бар деп жиі сұрайды. Ешқандай айырмашылықтары жоқ!»

ешкім білмейтін ұрықтандыру әдісіне – экстра-корпоралды ұрықтандыруға бел буған алғашқылардың бірі болды.

**Людмила БАДЕЛЬБАЕВА**, жоғары санатты дәрігер-репродуктолог, Репродуктивтік медицина Институтының медициналық директорының орынбасары, ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі:

- 1996 жылы мен диагноздары салдарынан ана болуға мүлдем дерлік мүмкіндігі қалмаған Гельнурды қадағаладым. Ол кезде біз препараттардың тапшылығын қатты сезетінбіз, әр ампула есепте, эмбриондарды ол кезде мұздата алмадық, аппаратамыз мінсіз болмады.

Технологиялар әлі сондай осал, «сыналмаған» кезде, біздер, дәрігерлер, табысымызға өзіміз де сенімсіз болған кезде бізге сену – Гельнур мен оның жұбайының өте батыл әрекеті еді. Олар тағдырын біздің қолымызға тапсырды да, бәрі де ойдағыдай болды. Бірінші ұрық қондырғанымыз сәтсіз болғанымен, біз бірден дерлік, келесі айда-ақ екінші бағдарламаны бастап, нәтижесінде жүктілікке қол жеткіздік.

### Гельнур:

- Екінші рет қондыруға барғанымда, қажетті препараттардың жетіспейтіндігі анықталды, оларды ол кезде Мәскеуден әкелетін және олар өте тапшы еді. Біз оларды іздей бастадық та таптық! Тағдыр бізге оң көзімен қарады! Көптен күткен жүктілігім туралы білгенімізде айтып жеткізуге болмайтын қуаныш пен бақыт сезіміне бөлендік. Және де, баланы қалай көтергенім туралы ешкімге айтпадық – ол кезде ол бәрі үшін, соның ішінде ең жақын адамдар үшін құпия болған.

Күйеім мені алақанына салып күтті. Біз соңғы мезетке дейін бізде ұл бала болады деп ойлайтынбыз, дәрігерлер де солай сендірді. Ал 1997 жылдың 4 ақпанында Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығында Алесенька, дені сау әрі өте сұлу қызымыз туды.

Адамдар ЭКҰ-балалардың табиғи жолмен көтерген балалардан қандай айырмашылығы бар деп жиі сұрайды. Ешқандай айырмашылықтары жоқ!

**Уақыт түтікше ішінде  
ұрықтану нәтижесінде туған  
баланың толыққанды екенін  
дәлелдеді – олар табиғи  
жолмен туған балалардан еш  
өзгешеленбейді – тән жағынан  
болсын, ойлау қабілеті  
мен генетикалық  
тұрғыдан болсын.**

### Гельнур:

- Алеся бізді еш мазаламады, сабырлы әрі тіл алғыш болып өсті. Әрине, біз оған бір де бір рет дауыс көтермедік, ол біздің жалғызымыз ғой. Құрбы-құрдастарынан бір өзгешелігі, ол мүлдем ауырмайтын десе де болады. Мектепте өте жақсы оқыды. Менің ойымша, ЭКҰ көмегімен туған балалар өте ақылды. Сондықтан, ондай балалар өзгеше болады деп мүлдем қорықпаңыз.

Олар тура біздер сияқты, жай ғана бұл өмірге дәрігерлер мен көмекші технологиялардың көмегімен келген. Сондықтан да, осы күнге дейін қандай да бір себеп салдарынан әлі бала көтере алмай жүрген әйелдерге дәрігерге жүгінуді кейінге қалдырмауға кеңес берер едім. Қазіргі таңда ол үшін қажеттінің бәрі бар – диагностика да, препараттар да, өз ісінің нағыз шебері болып табылатын дәрігерлер де.

Әрине, Людмила Аркадьевнаға, Вадим Евгеньевичке қызымыз үшін зор алғысымды білдіргім келеді, себебі тапшылық заманында, қажет-





*ті құралдарсыз, тек өздерінің зор ынтасының күшімен ғана алақандай зертханада сиқыр жасап, біздің бақытымызды өмірге келтіру үшін еңбек еткен дәл осы адамдар!*

### ДАҚПЫРТТЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРУ

Осымен біздің хикаямыз аяқталмайды, құрметті оқырман. 90-жылдары адамдар ЭКҰ-дың мүмкіндіктеріне сенімсіздікпен, ал кейбір жағдайларда мүлдем кері көзқараспен қарап, жоқ жерден дақпырт шығарып жүргендерін естеріңізге сала кетейік. Балалар да басқа балалар сияқты емес, болашақта олар да қолдан ұрықтандыруға мәжбүр болады-мыс. Бұрмалап түсіну, өсек-аян, дақпырттар көп еді. Бірақ, уақыт бәрін де әділетті түрде орнына қойды.

...Уақыт өтіп жатты, Алесямыз мектебін, жоғарғы оқу орнын тәмәмдап, махаббатына кезікті. Тамаша той тойланып, керемет бір отбасы құрылды. Ал бір айдан кейін Алеся ешбір дәрігердің араласуысыз табиғи жолмен бала көтерді. Скептиктердің дәлелдерін табанды түрде жоққа шығарған тағы бір ғажап осы!

### Алеся Ли Шин:

- Мен кішкентай кезімде де, қазір, өзім ана болсам да, қалаулы бала екенімді сезінемін. Мен өзімнің дүниеге қалай келгенімді білемін, анам бірнеше жыл бойы РМИ қаралғанын да білемін, сондықтан, бала көтергенім жайында біле салысымен біз жүктілігімді қадағалаған дәрігер-акушер Тянь Ирина Ильиничнаға бардық.

...Алесяның жүктілігі оңай өтті, ал босануы табиғат анамыз ойластырғандай болды. 2019 жылдың 15 қазанында «түтіктен туған» ананың тұңғыш қазақстандық нәрестесі дүниеге келді.

Алеся хикаясы бұрынғы дақпыртты ешбір ізсіз жоққа шығарып, ЭКҰ көмегімен туған балалар өзгелерден ерекшеленбейтінін және медициналық араласусыз бала сүйе алатындығын дәлелдеді.

«ЭКҰ-баласы» болып табылатын ананың табиғи жүктілігі мен босануы 25 жылдан астам уақыт бойы репродуктивтік медицина институтында еңбек етіп, мыңдаған әйелдерге ана бақытының не екенін білуге көмектесетін жоғары деңгейлі мамандар негізін қалаған отандық репродуктивтік медицина үшін маңызы зор оқиғаға айналды. ■





## БІЗ 2020 ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛДЫҚ!

Баяғыдан келе жатқан жақсы дәстүр бойынша Репродуктивтік медицина институтында 14 желтоқсанда жаңа жыл алды ертеңгілік болды, оған науқастар мен олардың балалары шақырылды. Аяз ата мен Ақшақар барлық қатысушыларды Жаңа 2020 жылмен құттықтап, оларға мықты денсаулық, үлкен табыс пен керемет демалыс

тіледі. Әрине, конкурстар, әндер, би мен сыйлықтарсыз қалай?! Барлығы мәз-мейрам болды! Дегенмен, өздеріңіз қараңыз!

Өз кезегінде мерекелік ертеңгіліктің қатысушылары шет қалмады, олар болашақ аналарға жылы тілектер мен лебіздерін көптеп тіледі. Құрметті оқырмандар, сіздерге соның бәрін табыстаймыз!

### Катерина КАДАЦКАЯ

Құрметті оқырман, сені шын жүректен Жаңа жылмен құттықтағым келеді! Егер қолыңда осы журналды ұстап отырсаң, ол сенің дұрыс жолда екеніңді білдіреді. Мен Жаңа 2020 жылы сенің барлық аңсаған армандарың орындалғанын тілеймін!

РМИ орталығында дүниедегі ең жақсы адамдар жұмыс істейді, олар маған ана бақытын екі рет сезуге көмектесті, сол үшін оларға алғысым шексіз! РМИ-дің барлық дәрігерлері мен қызметкерлеріне мықты денсаулық,

бақыт пен бар жақсылықты тілеймін! Олар саған да міндетті түрде көмектеседі! Ең бастысы, сеніммен нық қадам басып, алға қойған мақсатқа жету!

### Мурка

Барлық оқырмандарды, жазылушыларды, форумшыларды, емделушілерді, сүйікті РМИ дәрігерлері мен қызметкерлерін 2020 жылмен құттықтаймын! Барлық армандар орындалады, тіптен, орындалмайды деген армандар да орын-

далады! Оған сеніп, күтіп және қол жеткізу үшін әрекеттену қажет!

Сізге денсаулық пен даналық, қажымас қайрат, сенімді тірегіңіз болғанын тілейміз! 2020 жылы өздеріңіз армандаған жолақтарын күткен барлық әйелдер міндетті түрде арманына жетсін! Жүрегіңіз астында баға жетпес байлығын көтеріп жүрген барлық әйелдер сабиін қолына алып, ана бақытына бөленсін!

Барлық аналарға денсаулық, төзімділік пен махаббат, ал



барлық балаларға – бақытты балалық шақ тілеймін!

Сиқыршы дәрігерлерімізге – бар жақсылық пен тек оңды нәтижелер!

#### Женевьева

Бәріңізді Жаңа 2020 жылмен құттықтаймын! Сізге жаңа жылды ұмытылмастай, керемет және есте қаларлық сәттерге толы болатындай етіп өткізуді тілеймін, кез келген бастамаларыңыз сәтті әрі жемісті болсын! Барлық армандарыңыз міндетті түрде орындалады, ең бастысы, өзіңізге сеніңіз.

Айналаңызда осы жылды әр қырынан жайната алатын сүйікті де адал адамдар көп болсын!

Барлық дәрігерлерге – жұмыста табыс, біздің сүйікті РМИ-ге – өркендей берсін деп тілеймін! Арманымызға қол жеткізуге көмектескендеріңіз үшін мол алғыс!

#### Alisena (Ульяна)

Жаңадан келгендерге – жолдарың болсын, күтіп жүргендерге – үміт үзбеңдер дегім келеді!

Жаңа жылда ештеңеге де қарамастан отбасыларыңыздың ортасы толсын. Өз жүрегіңізді ғана тыңдап, алға қарай ұмтылыңыз.

Сүйікті дәрігерлерге – сыйға берген керемет сыйлықтарыңыз үшін үлкен алғыс! Сәттілік пен бақ әрдайым жолыңыздан табылсын!

Асыра мақтай алмаймын, қолымнан келмейді,

Орталықтың идеясы үшін мың алғысым бар деймін.

Үйде жүр біздің ұлымыз, енді қызға дайынбыз,

Бәрі де дәрігердің қолында, сол үшін жақсы көреміз!

Жаңа жылыңызбен!

#### Светлая

Бәріңізді Жаңа жылмен құттықтаймын! Жаңа жыл жақсы жаңалықтарға, толғандырар оқиғаларға және жағымды сәттерге толы болсын. Барлық тілектер орындалсын, ал үйдің іші баланың күлкісіне толсын!

#### Ирина КИРИЛЮК

Жаңа жылда РМИ дәрігерлеріне 2020 жылда әрбір емделушілеріңіз сізден өзі үшін «Сіз балалы боласыз!» деген маңызды сөзді міндетті түрде естігенін тілеймін!

ЭКО-дан өткен әрбір әйелге жаңа жылда тек бақыттан ғана жыласын деп тілеймін! Бірінші рет, тестте екі жолақ көргенде, екінші рет – УДЗ кезінде сәбидің алғашқы жүрек соғысын естігенде, үшінші рет – босағанда балаңыздың бірінші айқайын естігенде!

#### Светлана

Бәріңізді Жаңа жылмен құттықтаймын! Сізге, жақындарыңызға және туған-туысқандарыңызға денсаулық пен бақыт, ұмытылмас сезімдер мен керемет әсерлер алуды тілеймін. Осы жыл сіздің көкейіңізде жүрген және көптен күткен армандарыңызды орындасын! Және әр үйден мәз болған баланың күлкісі үзілмесін! ■

